Бес нәрсеге асық бол.
Адам болам десеңіз.

-деп жастарды бес нәрседен — өсектен, өтіріктен, мақтаншақтықтан, еріншектіктен, бекер мал шашпақтықтан қашық болуға, бес асыл іске — талап етуге, еңбекті сүюге, терең ойлай білуге, қанағатшыл болуға, қайырымды рақымшылық жасауға шақырды.

Ал, үшінші сыныпта Абай шығармаларын оқып үйрену тереңдете түседі. Абай атамыздың әрбір сөзі босқа айтылмаған, мол маңызы, берер ақылы көп, тәлімі жетерлік.

Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Қарабұлақ жайлауында дүниеге келген. 1904 жылы Балашақпақ жайлауында қайтыс болған. Бейіті Жидебайда. Ол – ұлы ақын, философ, ағартушы, композитор. Ақынның арғы бабасы – Олжай батыр. Олжайдан Айдос, Айдостан Ырғызбай, Ырғызбайдан Өскенбай тарайды, Өскенбайдың әйелі Зереден Құнанбай дүниеге келеді. Құнанбайдың әйелі Ұлжаннан Абай дүниеге келеді. Абайдың үш әйелі болған. Бәйбішесі Діл дәдән – Ақылбай, Әбдірахман, Күлбәдән, Әкімбай, Мағауия, Райхан; екінші әйелі Әйгерімнен – Тұрағұл, Мекайыл, Ізкайыл, Кенже, барлығы жеті ұл, үш қыз сүйген. Әмеңгерлік жолмен үйленген әйелі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ.

Абай Ескітам қонысында әкесі ашқан медреседе, оқып, ауыл молдасы Ғабитханнан дәріс алған. Әкесі Абайды он жасқа толған соң, Семейдегі Ахмет Риза медресесіне береді. Онда үш жыл оқиды. Медресенің үш жылында Абай осы қаладағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, онда үш ай орысша оқиды. Осы жылдары шығыс классиктері Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Жәми еңбектерін оқыса, екінші жағынан А. С. Пушкин, А. И. Герцен, И. А. Крылов, Ф. М. Чернышевский мұраларын оқып таныс болған, Батыс Еуропа әдебиетінен Гете, Дж. Байрон сияқты ақындарды оқып, түрлі ғылым салалары бойынша зерттеулер жүргізді. Есейген шағында солардың ішіндегі өзіне әсері болған кесек туындыларын қазақ тіліне аударады. Абай өлең жазуды он жасында бастаған («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абыралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870 - 80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – «Қансонарда» 1882 ж. жазылған.

Абайдың көркемдік ойлау, бейнелеп айту, суреттеу тәсілі мүлде жаңа, даралық стилі еркін, икемді, поэзиядағы қалыптасқан дайын үлгілерді қайталамайды.

А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтовтың шығармаларын шеберлікпен аударып, қазақ әдебиетін жаңа ой орамымен байытты.

1885 жылы мамыр айында Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде Семей облысының генерал – губернаторы Цеклинскидің басқаруымен Семей облысына қарайтын 5 уездің 100-ден астам би - болыстары бас қосқан төтенше съезі өткізілді. Осы съезде төбе би болып сайланған Абайға «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» әзірлеу тапсырылады. Абай бастаған комиссия барлығы 93 баптан тұратын ережені 3 күн, 3 түнде әзір етті.

Абай музыка саласында да мол мұра қалдырып, қазақтың музыка өнерін дамытты. Қазіргі уақытта ақынның 27 әнінің 36 нұсқасы нотаға түсірілген. Абай әндерінің бір саласы тек өз шығармасы ғана тән өлең өлшемдеріне сай, соңы ырғақпен өріс табады.

Абайдың алғашқы өмірбаянын Алаш қозғалысының көшбасшысы, белгілі экономист, тарихшы, әдебиетші, публицист, журналист, аудармашы Әлихан Бөкейханов жазған болатын. Ә.Бөкейхановтың орыс тілінде жазылып, 1905 жылы «Семипалатинские ведомости» газетінде жарияланған «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты мақаласы ұлы ақын туралы тұңғыш та анағұрлым толыққанды ғылыми еңбек болып табылады. Кейін бұл мақала Абайдың портретімен бірге 1907 жылы «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества» журналында жарияланды.

Ә.Бөкейханов өз мақаласында Абайдың қоғамдық қызметтен ақындыққа қалай ауысып, орыс және әлем поэзиясын көркем аударумен айналысқандығын, Спенсердің «Тәжірибелер», Льюистің «Ақиқат философиясы», Дрэпердің «Еуропаның ақылды дамуы» еңбектерімен таныса келіп, қалай еуропалық мәдениет биігіне көтерілгендігін егжей-тегжейлі қарастырады. Ол өзінің Абай өмірі мен шығармашылығы туралы осы қысқаша очеркін аяқтай келіп, оны Еуропаның атақты ақындары қатарына қосады.

Алаш қозғалысының көрнекті басшыларының бірі, ағартушы, ақын, филолог Ахмет Байтұрсынов Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп атап, «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», деп жазды.

Әлем әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов дербес әдебиеттану ғылымы ретіндегі абайтанудың негізін қалады. Ұлы ақын туралы «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы: «Ол өз халқының тарихында биіктен көрінеді. Ол қазақ халқының көп ғасырлық мәдениетінен озығын алып, бұл қазынаны әлемдік және орыс мәдениетінің игі ықпалымен байытты», деп Абай талантына жоғары баға берді.

Әрине, Абай тірі күнінде өз кітаптарын көрген жоқ, алайда оның шығармашылық дәстүрін жалғастырған рухани шәкірттері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов оның әдеби мұрасының бүкіл жер шарына таралуына ықпал етті.

Шынайы өмірдің барлық құбылыстарына өзінің өткір де сергек ойын білдірген ол халықтың сана-сезімін оятып дамытатын бейнелер сомдады. Абай шығармаларын қайта-қайта оқи отырып, шынайы бейнелердің көркемдік қуаты және тақырыптық әралуандығына орай Абай шығармашылығының нағыз өмір энциклопедиясы екендігіне тәнті болдым. Адамдардың типтік түрлері, портреттік суреттемелер, табиғат пен тұрмыстың қаныққан әсерлі бояулары, лирикалық ой толғаныстары тұтастана келіп, бізден алыс өмір ақиқатын көз алдымызға әкеледі.

Ақынның тірі кезінде оның жекелеген өлеңдері 1889-1890 жылдары Омбыда шыққан «Дала уәлаятының газеті» беттерінде жарияланды. Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы ол өмірден өткеннен кейін ғана, 1909 жылы Петербургте жарық көрді. Осылайша ішкі сезімнен буырқанып шыққан шындыққа толы ақын сөзі терең ұғындырылып, лайықты бағаланған болатын. Абай шығармалары одан кейін 1922 жылы Қазанда және Ташкентте, 1933 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылып шықты. Одан іле-шала Алматыда, Мәскеуде және әлемнің басқа қалаларында жиі-жиі шықты.

Абай шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған, оның ақындық талантына шет елдердің ақындары мен жазушылары, әдебиет сыншылары кеңінен үн қатты. Оның шығармашылығы туралы мақалалар, «Қара сөздеріне» арналған зерттеулер Корея мен Қытайдан, Үндістан мен Ираннан, Еуропа елдері мен АҚШ-қа дейінгі әлемнің көптеген мемлекеттерінде жарияланды. Бұл мақалалар мен зерттеулерде ұлы ақын шығармашылығының Батыс пен Шығыс елдерінде қабылдануы кеңінен қарастырылып, оның әлем әдебиетіндегі рөлі ашып көрсетілген.

Бүгінгі күні Абай мұрасы әлем мәдениеті қазынасының ажырамас бір бөлігіне айналды, ал оның есімі қазіргі заманның ұлы ақындарының қатарында тұр.

Абай мұрасы – түркі мәдениетінің бір бөлігі. Өзбек ғалымы Абдулла Рустамов Абайды «адам жанының емшісі» деп атаған болатын. Ол пайымдағандай, Абай шығармалары ғасырлар сүзбесінен өткеннен кейін де өзінің өзектілігі мен маңыздылығын жойған жоқ. «Өлең жолдарынан көптеген сұрақтарға жауаптар табуға болады, жаралы жүректі емдеуге болады, жаңа арманға беріліп, қиял жетегінде кетуге болады, жай ғана – оның тақуа сөздерінен жаңылып қалуға болады. Ақын өлеңдері – бұл жаралы жүректер қуанышы, бұл әлсіздер үшін күш, бұл түнілгендер үшін тірек пен қолдау». А.Рустамов Абай поэзиясын «өз бастауын биік те қуатты таудан алатын» ұлы сарқырамамен салыстырады.

Башқұрттың қабырғалы қаламгері Мұстай Кәрімнің жүрек түкпірінен шыққан тілек сөздері түркі әлемі үшін Абайдың маңыздылығын жоғары таныған сырлы жолдарға толы: «Біздер, башқұрттар үшін қазақ жазба поэзиясының алғашқы хабаршысы, алғашқы үні Абай болды. Ол бірінші болып бізге қазақ жанын ашты... Абай ұлттық қана емес, әлемнің ақындық мәдениетінің шыңы болып табылады. Ал шыңдар алыстан көрінеді және олар үнемі өздеріне тартады. Биікті алыстан да, Шығыстан Батысқа дейін көреді. Абайдың рухани ой-өрісіне, ақындық көзқарасының кеңдігі мен тереңдігіне, Абай парасатының қуаттылығына таң қаласың. Осының өзі оның Шығыс пен Батыс мәдениетіне қатыстылығын байқатады».

Абай – бүкіл түркі халқының рухани әкесі

Абай – біздің ортақ игілігіміз, – деп нық айтқан еді Түркияның белгілі мемлекет қайраткері Намық Кемал Зейбек. – Абай адамзатқа қажет! Біз Қожа Ахмет Ясауиді, Абайды, өткен ғасырлардың басқа дана адамдарын өз әкелеріміздей біліп құрметтеуіміз керек».